

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 1059 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Қостанай қаласы әуежайының сумен жабдықтау және су бұру желілерін реконструкциялау үшін, КСС электрмен жабдықтау үшін Қостанай қаласы, Аэропорт шағын ауданында орналасқан жалпы алаңы 0,1113 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Қ. Ахметов